

**Қамқоршылық кеңестің отырысының
№ 4 Хаттамасы**

«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

«28» 08 2025 жыл

Қатысқаны: 9 адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов

Кеңес хатшысы – А.Г. Бисенгалиева

Кеңес мүшелері:

1. Жетписбаев С.Г. – КММ «Костанайжэлектросервис» директоры
2. Ерденов А.У. – «Ерденов А.У.» ЖК басшысы
3. Матвеев А.А. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
4. Омарова А.А. – руководитель ИП «Омарова»
5. Усенова Ж - 1 курс білім алушысының ата-анасы
6. Соколова Т.Ж. – ЖШС «Олви» директоры
7. Кариева Ж.О. – 2 курс білім алушысының ата-анасы
8. Досов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры

Қатыспағаны:

1. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы
2. Тулекбаев С.К. – Арқалық қ. № 4 сайлау округінің депутаты

Күн тәртібі:

1. Колледждің кадрлық әлеуетін қалыптастыру, өндірістен мамандарды колледжге жұмысқа тарту

*Әдіскер
Кеңес мүшелері*

2. Білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастыруға көмек көрсету және қатысу

*Директордың ОТЖЖ орынбасары
Кеңес мүшелері*

3. Колледж студенттерінің дуальды оқыту жүйесін дамыту бойынша жұмыстарға ықпал ету. (үшжақты келісімшарттар жасау)

*Директордың ОӨЖЖ орынбасары
Кеңес мүшелері*

4. Мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында кәсіпорындар өтінімдері бойынша колледждерде мамандарды мақсатты даярлау бойынша қабылдау жоспарын орындауға ықпал ету

*Директордың ОӨЖЖ орынбасары
Кеңес мүшелері*

5. Студенттердің жатақханада тұруы үшін қажетті жағдайларды жасауға көмек беру

*Директордың ОТЖЖ орынбасары
Кеңес мүшелері*

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша колледж әдіскері колледждің кадрлық әлеуетін арттыру мәселесіне тоқталып, өндірістегі тәжірибесі мол мамандарды колледжге жұмысқа тарту қажеттігін атап өтті. Ол кәсіби біліктілігі жоғары мамандардың оқу процесіне қатысуы оқыту сапасын жоғарылатуға мүмкіндік беретініне баса назар аударды. Сонымен қатар, өндірістік кәсіпорындармен тығыз байланыс орнату арқылы кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет екенін айтты.

Екінші мәселе бойынша білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастыруға қатысты, жиынның мазмұны мен өтетін орнын анықтау және ұйымдастыру ісіне қолдау көрсету қажеттігін жеткізді. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары кәсіпорын өкілдері мен білім алушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету арқылы іс-шараның жоғары деңгейде өтуін мақсат еткенін атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша дуальды оқыту жүйесін дамыту мәселесіне тоқталып, үшжақты келісімшарттар жасау арқылы оқу процесі мен өндірістің үйлесімділігін арттыру қажеттігін айтты. Ол кәсіпорындармен тиімді ынтымақтастық орнату үшін келісімшарттардың шарттары мен міндеттерін нақтылау керек екенін баса көрсетті.

Төртінші мәселе бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында кәсіпорындардың өтінімдерін негізге ала отырып, мамандарды мақсатты түрде даярлау жоспарын орындауға ықпал ету жөнінде баяндады. Ол кәсіпорындармен тығыз қарым-қатынас орнатып, олардың сұранысын уақытылы анықтау маңызды екенін атап өтті.

Бесінші мәселе бойынша студенттердің жатақханада тұру жағдайларын жақсарту мәселесіне назар аударып, аз қамтылған, көпбалалы, жағдайы нашар балаларға шағын көмек көрсетуді, қолдауды сұрады. Ол білім алушылардың жайлы және қауіпсіз тұрмысын қамтамасыз ету оқу процесінің тиімділігіне әсер ететінін айтты.

Шешімі:

1. Колледждің кадрлық әлеуетін арттыру мақсатында өндірісте жұмыс істейтін кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды педагогикалық қызметке тарту жұмыстары жүргізілсін.
2. Білім күніне арналған салтанатты жиынды жоғары деңгейде өткізу үшін іс-шараның бағдарламасы әзірленіп, кәсіпорын өкілдері мен білім алушылардың қатысуын қамтамасыз ету тапсырылсын.
3. Дуальды оқыту жүйесін дамыту мақсатында кәсіпорындармен үшжақты келісімшарттар жасасу жұмыстары жандансын. Келісімшарттардың мазмұны оқу процесінің ерекшеліктеріне сәйкес нақтылау арқылы оқу мен өндірістің тиімді үйлесімділігі қамтамасыз етілсін.
4. Мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында кәсіпорындар өтініміне сай мамандарды мақсатты даярлау үшін кәсіпорындармен өзара іс-қимылды күшейту, нақты сұраныстарды уақтылы жинақтау және оларды оқу жоспарына енгізу бойынша жұмыс жүргізілсін.
5. Білім алушылардың жатақханада тұру жағдайларын жақсарту мақсатында көмек көрсету мүмкіндіктері қарастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің
Төрағасы



Муканов А.К.

Қамқоршылық кеңесінің
Хатшысы



Бисенгалиева А.Г.